

## ҚОСЫЛУ ШАРТЫ

### Астана қ.

Осы шарт (мәтін бойынша ары қарай - Шарт), талаптарын «КаР-Тел» ЖШС (ары қарай - Оператор) Оператордың [www.beeline.kz](http://www.beeline.kz) web-ресурсында жарияланған, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Өзара қарым-қатынас ережелерінде» бекіткен Қосылу шарты болып табылады.

Тұлға (ары қарай - Агент), Операторға өтініш (Оператор бекіткен үлгіде) берген Шартпен және Ережелермен барлық Қосымшалармен танысты, және ұсынылған Шартқа толық қосылу жолымен қосылады.

### 1. Анықтамалар

Анықтамалар мен сөйлемдер, егер мәнмәтінде басқасы қарастырылмаса, осы Шартпен және Ережелермен анықталған.

### 2. Шарттың мәні

Оператор мен Агент (мәтін бойынша ары қарай - Тараптар), әрқайсысы өз құзыреттілігі шеңберінде, Ережелерде қарастырылған, Оператордың Абонентпен Абоненттік шарт жасасуына бағытталған заңды және басқа да әрекеттерді жасауға, сонымен қатар Ережелерде қарастырылған басқа да әрекеттерді әрекеттерді жасауға міндеттеледі. Абонентпен жасалған Абоненттік шарт құқықтары мен міндеттемелері Операторда туындайды.

### 3. Тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері

3.1. Шарт Тараптарының құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері Ережелермен анықталады.

### 4. Шарттың әрекет етуі

4.1. Осы Шарт Оператор бекіткен үлгідегі Агенттің өтінішіне Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

4.2. Шарттың тоқтауы және бұзылуы ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына және/немесе Ережелердің талаптарына сай жүзеге асырылады.

### 5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Шарт талаптарын орындаудан туындауы мүмкін кез келген дауды, Тараптар келіссөз жүргізу арқылы шешеді. Келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаса, дау Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешіледі.

5.2. Агентке қол қойылған өтінішті ұсынған соң Агент Ережелермен және оның Қосымшаларымен таныспадым деп, немесе Оператормен келісім шарттық қарым қатынас кезінде олардың міндеттілігін мойындамаймын деп, бас тарта алмайды.

5.3. Осы Шарт Агенттің Тараптар қол қойған өтінішінен, Шарттан, Ережелерден, сондай-ақ Ережелерде қарастырылған басқа да құжаттардан тұрады.

5.4. Шарттың, Ережелердің, Агенттің өтінішінің, Тараптар қол қойған Шарттың талаптарында қарастырылмаған барлық мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 6. Оператордың деректемелері

«КаР-Тел» ЖШС

БСН 980540000397

010010, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 2-үй

Банктік деректемелері:

«ForteBank» АҚ

IBAN KZ719650000072233368

БСК IRTYKZKA

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік Сериясы 60001 №0078651 күні 13.08.2012ж

Электронды мекенжай –@beeline.kz-ке аяқталатын мекенжайлар.